

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС

КӘСПОРЫН СТАНДАРТЫ

**«ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДА ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН
ТӘЖІРИБЕЛЕР» ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН
ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА**

ҚТКФ.103 КСТ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ



«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС
Басқармасының шешімімен

БЕКІТІЛДІ

2017 жылғы «ав» наурыз
№ 03 Хаттама

КӘСПОРЫН СТАНДАРТЫ

<p>Менеджменттің біріктірілген жүйесі ҚТКФ.103 КСТ</p>	<p>Алғаш рет қолданысқа енгізіліп отыр</p>
<p>«Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағида</p>	<p>Барлығы бет саны: 12</p>

Қолданысқа енгізілген күні:
2017 жылғы «ав» наурыз

Ақтау
2017

МАЗМҰНЫ

1.	ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2.	ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	4
3.	АНЫҚТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
4.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	5
5.	ПРОЦЕСС СИПАТТАМАСЫ.....	5
5.1.	Конкурсты өткізу талаптары	5
5.2.	Конкурс кезеңдері.....	6
5.3.	Конкурстық комиссиялардың жұмысын қалыптастыру және оны ұйымдастыру тәртібі	6
5.4.	Конкурс қорытындыларын шығару.....	7
6.	ПРОЦЕСС КРИТЕРИЙЛЕРІ	8
7.	ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ	8
8.	ПРОЦЕСС ЖАЗБАЛАРЫ.....	9
9.	ПРОЦЕСС ДИАГРАММАСЫ	9
10.	ҚТКФ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ ОСЫ СТАНДАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ КҮТПІП ҰСТАЛУЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БЕЛГІЛЕУ	10
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ	11
	БӨЛІМШЕ ПЕРСОНАЛЫН ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ.....	12

1. Құжат мақсаты және жалпы ережелер


1.1. Осы «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағида (бұдан әрі – Қағида) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобы арасында денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар және тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсының бірінші туры өткізу тәртібі мен талаптарын айқындайды.

2. Қолданылу аясы

2.1. Осы Қағида Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік Күніне орайластырылған конкурсты өткізу кезінде және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) бүкіл қызметкерлеріне қатысты қолданылады.

3. Анықтаулар және қысқартулар

ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚМГ компаниялары тобы	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ еншілес ұйымдары және тәуелді қоғамдары, соның ішінде бірлесе-бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары
Конкурс	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобы арасында денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсы
Жетекші басшы	Функционалдық блоктың басшысы (Бас директордың орынбасарлары, Қаржы директоры, Коммерциялық директор)
ЕТҰ	Еншілес ұйымдар және тәуелді қоғамдар, соның ішінде ҚМГ бірлесе-бақыланатын ұйымдары және бірлескен кәсіпорындары
Өтінім	Қызметкердің немесе ҚМГ компаниялары тобы жұмыс ұжымының конкурсқа қатысуға берілген

	<p align="center">«ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР» ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА</p>	<p>Нұсқа 0 Шығарылған күні: 19.08.2015 ж. 12 беттің 5-беті</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------

	белгіленген Н.103.02 үлгілік нысанда өтініші
Инновациялық идея	Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында жаңа бастаулар жөнінде ұсыныс, ол әрекет үстіндегі жүйенің тиімділігін елеулі арттырады
ЕҚОҚД	ҚМГ Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті
ҚТКФ ТҚ және ЕҚ қызметі	ҚТКФ Техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Конкурстың бірінші туры өткізу үшін ҚТКФ ТҚ және ЕҚ қызметі жауапты болады.

4.2. Қағиданы www.kmtf.kz. корпоративтік сайтында жария ету үшін Бас директордың кеңесшісі (жұртшылықпен байланыс жөніндегі) жауапты болады.

4.3. Конкурстың бірінші туры ұйымдастыру және өткізу үшін Бас директордың теңізде жүзу қауіпсіздігі және флотты пайдалану жөніндегі орынбасары, ҚТКФ ТҚ және ЕҚ қызметі және Қызметкерлер құрамын басқару департаменті жауапты болады.


5. Процесс сипаттамасы

5.1. Конкурсты өткізу талаптары

5.1.1. Конкурс жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді, өндірістік жарақат алуды болдырмауды, қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді азайтуды қамтамасыз етуде қызметкерлердің уәждемесін және материалдық мүдделігін арттыру мақсатында өндірістік процестердің тиімділігін арттыру және ҚМГ компаниялары тобын тұрақты дамыту үшін ең үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелерді анықтау үшін жүргізіледі.

5.1.2. Конкурс жыл сайынғы негізде жүргізіледі. Конкурс қорытындыларын шығару есеп беру жылының қазан айынан желтоқсан айына дейінгі кезеңде жүргізіледі және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орайластырылады.

5.1.3. Конкурсқа қатысуға өтінімдер жеке қызметкерлер сияқты құрылымдық бөлімшелерден және кеме экипаждарынан қабылдануы мүмкін. Пысықтауға берілетін құжаттарда денсаулықты, еңбекті және/немесе қоршаған ортаны қорғау салаларының ең аз дегенде бір саласында жаңа бастаулар жөнінде ұсыныс көрсетілуге тиіс. Жеңімпаздар әрбір талапкерді оның идеясын немесе тәжірибесін ҚМГ компаниялары тобының бүкіл бөлімшелеріне қатысты іске асыру мүмкіндігіне ие болу тұрғыдан бағалау, сондай-ақ озат тәжірибелерді

	<p align="center">«ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР» ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА</p>	<p>Нұсқа 0 Шығарылған күні: 19.08.2015 ж. 12 беттің 6-беті</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------

денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында қолдану негізінде іріктеледі. Өтінімдерді бағалау критерийлері Н.103.01 бағалау парақтарында айқындалады.

5.2. Конкурс кезеңдері

Конкурс мына кезеңдерден тұрады:

5.2.1. Сайтта конкурс өткізу туралы хабарламаны орналастыру арқылы хабарлама беру, электрондық поштаға және/немесе құрылымдық бөлімшелерге ақпараттық хаттарды жолдау;

5.2.2. Орталықтандырылған өтінімдерді жинау. Белгіленген Н.103.02 үлгіде өтінімдерді 10 қазанға дейін annual.hse.award@kmg.kz ҚМГ электрондық поштасына жолдау;

5.2.3. ҚМГ Е және ҚОҚ департаменті тарапынан өтінімді пысықтау, тіркеу, оған сәйкестендірме нөмірін беру және өтінімді ҚТКФ комиссиясына қарауға беру үшін авторды және оның жұмыс орнын көрсетпей 10 қазаннан 15 қазанға дейінгі кезеңде ҚТКФ ТҚ және ЕҚ қызметіне жолдау;

5.2.4. ҚТКФ комиссиясы тарапынан 1, 2, 3-орындарын тағайындай отырып, тіркелген өтінімдерді іріктеудің бірінші туры 15 қазаннан 30 қазанға дейінгі кезеңде жүргізу;

5.2.5. Конкурстың екінші турына қатысу үшін бірінші турдың 1, 2, 3-орындарының жеңімпаздарының өтінімдерін жолдау. ТҚ және ЕҚ қызметі тарапынан ҚМГ атына екінші турға арналған өтінімдерді хат арқылы 30 қазаннан 6 қарашаға дейінгі кезеңде жолдау;

5.2.6. Конкурстың екінші және үшінші туры ҚМГ бойынша KMG-PR-2191.1-13 сәйкес 6 қарашадан 4 желтоқсанға дейін жүргізіледі

5.3. Конкурстық комиссиялардың жұмысын қалыптастыру және оны ұйымдастыру тәртібі

5.3.1. Кокурстық комиссияның бірінші туры комиссия төрағасы – ҚТКФ Бас директоры немесе осыған уәкілетті өзге тұлға, ҚТКФ жетекші басшыларының және/немесе құрылымдық бөлімшелердің, мамандардың қатарынан сайланған комиссия мүшелері, комиссия хатшысы құрайды. Конкурстық комиссияның құрамы тақ санды кемінде бес адамнан құралуға және ҚТКФ Бас директорының бұйрығымен бекітілуге тиіс.

5.3.2. Бірінші тур комиссиясының міндеттері:

- тіркелген өтінімдерді пысықтау;
- конкурстың бірінші турының қорытындыларын шығару;

– конкурстың бірінші турының жеңімпаздарын белгіленген критерийлерге – Н.103.01 сәйкес 1, 2, 3-орындарды тағайындай отырып анықтау;

– жеңімпаздардың өтінімдерін конкурстың екінші турына жолдау;
– белгіленген тәртіппен марапаттау жөнінде жеке ұсыныстарын енгізу.

5.3.3. Конкурстық комиссиялардың өкілеттігі:

– даулы мәселелер туындаған жағдайда, комиссияның көпшілік жай даусымен түпкілікті шешім қабылданады;

– комиссия мүшелері өтінімге баға беру үшін қатысушылардың тиісінше Н.103.01 бағалау парақтарын толтырады және оған өз қолдарын қояды;

– орындарды тағайындау туралы Н.103.03 хаттамасы түзіп жасалады және оған бүкіл комиссия мүшелері қол қойып, комиссия төрағасына бекітуге беріледі;

– қарауға берілген апелляцияны пысықтау (апелляция комиссия нәтижелері жария етілгеннен кейін бір тәулік ішінде беріледі)

– конкурстық комиссияның мүшелері өзгеше пікір білдіру құқығына ие болады, ол жазбаша түрде баяндалады және Комиссия отырысының хаттамасына жалғанады.

5.3.4. Комиссия жұмысына төраға басшылық етеді. Комиссияның бүкіл шешімдері алқалы шешім қабылдау арқылы қабылданады. Комиссия хатшысы шешім қабылдауда дауыс беру құқығына ие болмайды.

Айрықша жағдайларда конкурстық комиссияның құрамына өз құзырлығына қатысты мәселелер бойынша өзге тұлғалар (сарапшы ретінде дауыс беру құқығынсыз) енгізілуі мүмкін.

5.3.5. Конкурстық комиссияның хатшысы күн тәртібінің жобасын қалыптастыру, Комиссияның төрағасын, мүшелерін алдағы уақытта өткізілетін отырыстар туралы хабардар ету, Комиссияның төрағасына, мүшелеріне күн тәртібінің мәселелері жөнінде материалдарды жолдау, конкурстық комиссияның қызметі барысында отырыстардың хаттамаларын, өзге құжаттарды жүргізу, оларды келісу және Комиссияның төрағасына, мүшелеріне қол қоюға беру үшін жауапты болады.

Конкурстық комиссия жазбаларының сақталу мерзімі 3 жыл.

5.4. Конкурс қорытындыларын шығару

5.4.1. Бағалаудың ең жоғары саны 15 балл.

5.4.2. Бірінші турда 1, 2, 3-орындарды беру үшін балл саны кемінде 9 балл болуға тиіс.

5.4.3. Өтінімнің екінші және үшінші турға өтуі үшін балл саны 9-дан кем болмауға тиіс. Балл саны 9-дан кем өтінімдер екінші турға өткізілмейді.

5.4.4. Конкурс жеңімпаздары жиналған балл санының неғұрлым жоғары мөлшері бойынша анықталады.

5.4.5. Конкурстың бірінші турының 1, 2, 3-орындарының жеңімпаздарын көтермелеу ҚТКФ қалауынша және бюджет шеңберінде белгіленген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

5.4.6. ҚТКФ қызметкерлерін - конкурстың үшінші туры жеңімпаздарының жол сапарын, тамақтануын, пәтерде тұруын қамтамасыз ету бойынша шығыстарды қаржыландыру ҚТКФ жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Процесс критерийлері

Конкурстың бірінші туры 30 қазаннан кешіктірілмей жүргізіледі.

7. Құжаттарға сілтеме


	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚМГ Саясаты
ҚМГ Басқармасының 24.07.2012 жылғы №87 хаттамасы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы 2012-2016 жылдарға арналған Кешенді бағдарламасы
KMG-PR-2191.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобы арасында денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» атты жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағидалар
	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚТКФ Саясаты

8. Процесс жазбалары

Н.103.01	Комиссияның бағалау парағы
Н.103.02	Конкурсқа қатысуға арналған өтінім
Н.103.02	Бағалау комиссиясының хаттамасы

9. Процесс диаграммасы

Процеске кіру ретінде:	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобы арасында денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» атты жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағидалар		
Блок-сұлба	Іс-әрекет	Орындаушы	Жазба
1	Орталықтандырылған өтінімдерді жинау 10 қазанға дейін (5.2.1-тармақ)	ҚМГ ЕҚОҚД	Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер Н.103.01
2	өтінімді пысықтау, тіркеу, оған сәйкестендірме нөмірін беру және өтінімді ЕТҰ комиссиясының қарауына беру үшін авторды және оның жұмыс орнын көрсетпей 10 қазаннан 15 қазанға дейінгі кезеңде еңбекті және қоршаған ортаны қорғау үшін жауапты ЕТҰ құрылымдық бөлімшелеріне жолдау;	ҚМГ ЕҚОҚД	Хат
3	ҚТКФ комиссиясы тарапынан 1, 2, 3-орындарды тағайындай отырып, тіркелген өтінімдерді іріктеудің бірінші туры 15 қазаннан 30 қазанға дейінгі кезеңде жүргізу;	ҚТКФ Конкурстық комиссиясы, ҚТКФ ТҚ және ЕҚ қызметі	Бағалау парақтары Бағалау комиссиясының хаттамасы (Н.103.01., Н.103.03)
4	Конкурстың екінші турына қатысу үшін бірінші турдың 1, 2, 3-орындарының жеңімпаздарының өтінімдерін 30 қазаннан 6 қарашаға дейін жолдау	ҚТКФ ТҚ және ЕҚ қызметі	Хат
5	ҚМГ сұранысы бойынша ҚТКФ қызметкерлерінің жұмыс орнын растау	ҚТКФ ҚБД	Хат
Процестен шығу ретінде:	ҚМГ Басқармасы төрағасының конкурс жеңімпаздарын марапаттауы		

	<p align="center">«ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕР» ЖЫЛ САЙЫНҒЫ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА</p>	<p>Нұсқа 0 Шығарылған күні: 19.08.2015 ж. 12 беттің 10-беті</p>
-----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------

10. ҚТКФ бөлімшелерінде осы стандарттың қолданылуы және күтіп ұсталуы үшін жауапкершілікті белгілеу

Бөлімше	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы және жауапкершіліктің белгіленген күні
ТҚ және ЕҚ қызметі	ТҚ және ЕҚ бастығы	Б.А. Қайболдиев	
(құжатты әзірлеген)	инженер	Ж.А. Ирғалиева	
Құжаттамалық қамтамасыз ету және ақпараттық технологиялар департамент	МБЖ жөніндегі аға маман	А.Н. Ұлықпанова	
Құжаттамалық қамтамасыз ету және ақпараттық технологиялар департаментінің құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі	Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі маман	М.С.Гаракеева	

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Нұсқа №	Күні	Өзгертілген парақ №	Сипаттамасы	Орындаушы, қолы
1	16.03.2017	5	<p>1. ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2016 жылғы 7 қазандағы хаттамалық шешімімен (№05-16/ҚК) өзгерістерді еңгізу қажеттігі туындады.</p> <p>2. ҚТКФ Штаттық кестесінің 2016 жылғы 27 қазандағы Басқарма шешімімен №17 өзгерістерді еңгізу қажеттігі туындады.</p> <p>3. ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ Қызметінің атауы ТҚ және ЕҚ Қызметі редакцияда баяндалды.</p>	<p>Ж.А.Иргалиева - ТҚ және ЕҚ қызметінің инженері</p>



«ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТИ ЖӘНЕ
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА
ҮЗДІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН
ТӘЖІРИБЕЛЕР» ЖЫЛ САЙЫНҒЫ
КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН
ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДА

Нұсқа 0
Шығарылған күні:
19.08.2015 ж.
12 беттің 12-беті

БӨЛІМШЕ ПЕРСОНАЛЫН ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

№ р/н	Лауазымы	Т.А.Ә.а	Қолы және таныстырылған күні	Ескертпе